

Г.О. Әбдікерова\* , М.С. Садырова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: a.gulnapis@mail.ru

## ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚАЛАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ТРАЕКТОРИЯСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық салаларын өзгертудің күрделі де қайшылықты процестері жас маманның кәсіби әлеуметтену сапасына және кәсіби біліміне ерекше талаптар қойып отыр. Еңбек нарығының талаптарына сай келетін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлауға ертерек бейімдеу мәселесін жан-жақты талдау мақаланың негізін қалайды. Қазақстанның аймақтарында жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері талданып, жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептің оқушыларының көзқарасындағы айырмашылықтарға, ер балалар мен қыз балалардың кәсіби таңдауларына баға беріледі. Зерттеудің мақсаты әлемде, қоғамда болып жатқан өзгерістердің, сонымен қатар цифрландыру процесінің жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының негізгі бағыттары мен траекториясының трансформациялануына тигізетін әсеріне талдау жасау. Зерттеудің негізгі бағыттары мен идеясы Қазақстан қоғамының жаңғыруы жағдайында орта білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерді бейнелеумен тығыз байланысты. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының маңызды басымдықтары мен құндылықтарын сипаттауға негізделетін болса, онда тәжірибелік маңызы орта білім беру жүйесін дамытуға қатысты мемлекеттік құжаттарда бейнеленген маңызды идеяларды жүзеге асырумен байланысты. Сауалнамаға Қазақстанның ірі қалаларынан: Астана, Алматы, Шымкент, сондай-ақ Алматы және Түркістан облыстарының аудандары мен ауылдық жерлерінен 558 -жоғары сынып оқушылары қатысты. Алынған нәтижелер оқушылардың кәсіби қасиеттерін дамыту үшін құнды.

**Түйін сөздер:** кәсіби қалау, трансформация, қалау траекториясы, жоғары сынып оқушылары, кәсібилік, оқушылардың кәсіби бағдары.

G.O. Abdikerova\*, M.S. Sadyrova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: a.gulnapis@mail.ru

### Transformation of the main directions and trajectories of professional preferences of high school students

Complex and contradictory processes of change in all spheres of public life in Kazakhstan impose special requirements on the quality of professional socialization of a young specialist and their professional education. The article is based on a comprehensive analysis of the problem of early adaptation of schoolchildren to vocational guidance in order to prepare competitive specialists who meet the requirements of the labor market. The results of a sociological study conducted among high school students in the regions of Kazakhstan are analyzed, differences in the attitudes of students in general education and specialized schools, and features of the professional choice of boys and girls are assessed. The purpose of the study is to analyze the impact of changes in the world, society, as well as the process of digitalization on the transformation of the main directions and trajectories of professional preferences of high school students. The main directions and ideas of the study are closely related to the reflection of ongoing changes in the field of secondary education in the context of the modernization of Kazakhstani society. The scientific significance of the work lies in the description of important priorities and values in the formation of professional preferences of high school students, and the practical significance in the implementation of important ideas reflected in state documents regarding the development of secondary education. The survey was attended by 558 respondents—high school students of Kazakhstan’s megacities: Astana, Almaty, Shymkent, as well as districts and rural areas of Almaty and Turkestan regions. The results obtained are valuable for the development of professional qualities of schoolchildren.

**Key words:** professional preference, transformation, trajectory preferences, high school students, professionalism, professional orientation of schoolchildren.

Г.О. Абдикєрова\*, М.С. Садырова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: a.gulnapis@mail.ru

### Трансформация основных направлений и траекторий профессиональных предпочтений старшеклассников

Сложные и противоречивые процессы изменения разных сфер общественной жизни в Казахстане предъявляют особые требования к качеству профессиональной социализации и профессиональному образованию. В основу статьи положен комплексный анализ проблемы ранней адаптации школьников и профессиональной ориентации с целью подготовки в дальнейшем конкурентоспособных специалистов, отвечающих требованиям рынка труда. Анализируются результаты социологического исследования, проведенного среди старшеклассников в регионах Казахстана, оцениваются различия в установках учащихся общеобразовательных и специализированных школ, особенности профессионального выбора юношей и девушек. Цель исследования – анализ влияния изменений в мире и обществе, в том числе процесса цифровизации на трансформацию основных направлений и траекторий профессиональных предпочтений старшеклассников. Основные направления и идеи исследования тесно связаны с отражением происходящих изменений в сфере среднего образования в условиях модернизации казахстанского общества. Научная значимость работы заключается в описании важных приоритетов и ценностей в формировании профессиональных предпочтений старшеклассников, а практическая значимость в реализации важных идей, отраженных в государственных документах относительно развития сферы среднего образования.

В опросе приняли участие 558 респондентов-старшеклассников мегаполисов Казахстана: Астаны, Алматы, Шымкента, а также районов и сельской местности Алматинской и Туркестанской областей. Полученные результаты являются ценными для развития профессиональных качеств школьников.

**Ключевые слова:** профессиональные предпочтения, трансформация, траектории предпочтений, старшеклассники, профессионализм, профессиональная ориентация школьников.

#### Кіріспе

Жаһандық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының негізгі бағыттарын, кәсіпті таңдаудағы маңызды өзгерістерді анықтау еңбек нарығындағы жаңа талаптармен, цифрлық экономиканың ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Мемлекет өсіп келе жатқан ұрпақтарға сапалы білім берудегі барлық алшақтықтарды жоюды басты мақсат етіп отыр. Бұл қазіргі ақпараттық қоғамның қалыптасуы, әлеуметтік желілердің дамуы, цифрландыру жағдайында дұрыс әлеуметтік саясатты ұстану мен оны орындаудың үлкен мүмкіндіктерге ие екендігін көрсетеді. Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби қалауларының сапалық өзгерістерін анықтау арқылы мемлекеттің орта білім саласында жүргізіп отырған саясатының нәтижесін саралау мәселенің өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген негізгі міндеттердің бірі келесі түрде көрініс тапты: «Қала мен ауыл мектептері, аймақтар, оқу орындары мен білім алушылар арасындағы

білім сапасының алшақтығын азайту» қажет (Бағдарлама, 2020-2025) [1]. Білім сапасының алшақтығын жою мемлекет тарапынан барлық аймақтарға, білім беру орындарына толық жағдайдың жасалуымен қатар кәсіби құндылықтардың жастардың бойында дұрыс қалыптастырылуымен де байланысты. Кәсіптің түрін дұрыс таңдау, оған деген қызығушылық кәсібилікті қалыптастырады. Жастардың бойында тұлғалық ерекшеліктің қалыптастырылуы, өз болашағына жауапкершілікпен қарау, кәсіби қалаудың саналы түрде жүзеге асырылуы қазіргі кезеңде өте өзекті. Ел Президентінің халыққа жолдауында кәсібилік пен еңбексүйгіштік сапаға ие болудың қажеттілігіне ерекше мән беріліп (Жолдау, 2022) [2], жастардың белгілі бір мамандықтың барлық қыр-сырын түсінуге ұмтылуы маңызды екендігі айтылды. Сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпақ Қазақстанда ғана емес, шетелде де бәсекеге қабілетті болуы керек, – деп атап өтілді. Бәсекеге қабілетті болу кәсіби қалаудың дұрыс қалыптасуымен, яғни, бірінші кезекте, білім орындарының мақсатты түрде бағытталған жұмыстарымен тығыз байланысты. Осыған байланысты зерттеушілердің көзқарасы бойынша, қажетті базалық

білімді, алуан түрлі мамандықтар, қоғамның қажеттіліктері туралы мәліметтерді жасөспірім өзінің білім беру ортасынан алуы қажет, сонда ғана кәсіптік тұрғыдан бағдар берудің мұндай құрамдас бөліктері жасөспірімге дұрыс кәсіби таңдау жасауға мүмкіндік береді (Арон, 2015) [3]. Президент Қ.Ж.Тоқаев «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» – деп мәлімдеді (2022). Жан-жақты комфортты жағдай жасалған мектеп жастардың өзін жақсы сезінуіне, өзін және басқаларды құндылық ретінде қарастыруға, әлеуметтік институттарға деген сенімнің қалыптасуына алып келеді. Нақты айтқанда, қоғам және әлем деңгейіндегі өзгерістердің Қазақстанның білім беру жүйесіне деген әсерін және оның жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларына тигізетін әсерін талдау зерттеудің мақсатын анықтайды.

### Әдеби шолу

Кәсіби қалауды қалыптастыруда білім беру ортасының маңызы ерекше болғандығына қарамастан, жоғары сынып оқушысы өзінің потенциалын бағалай алатын тұлғалық сапаларға ие болуы тиіс. Мемлекет, білім беру, отбасы сияқты әлеуметтік институттардың рөлі жоғары сынып оқушысының өзіндік тұлғалық ізденісімен, таңдауымен толықтырылған жағдайда әрекет етуші субъектілер туралы жаңа парадигмалар мен концепциялардың өзектілігі артатыны күмән келтірмейді.

Ресей зерттеушісі Е.А. Климов кәсіптердің өзіндік классификациясын ұсынды. Ол еңбек затына байланысты (маманның немен жұмыс істейтініне: адамдар, техника, табиғат құбылыстары т.б.) кәсіптердің бес типін бөліп көрсетеді: «Адам – Техника», «Адам – Табиғат», «Адам – Таңбалар жүйесі», «Адам – Көркем бейне», «Адам – Адам» (Классификация, 2016) [4]. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының траекториясының өзгеруі туралы айтқанда осы кәсіптер классификациясына қатысты олардың таңдауларының өзгеруі туралы да айтуға болады.

Е.А. Климов өзі ұсынған кәсіптер классификациясы негізінде түрлі кәсіптерді таңдаудың методикасын көрсетеді. Бұл методика дифференциалды диагностикалық сауалнама (DDO),

деп аталады (Климова, ДДО) [5]. Бұл әдістеменің негізгі мазмұны белгілі бір мамандықты сипаттайтын ұсынылған әрбір екі жұптың біреуінің тұсына «+» белгісін қоюмен байланысты. Негізгі мақсат білім алушының қалауына сәйкес келетін мамандықты анықтау.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалауларының негізгі бағыттарын сипаттауда олармен білім беру ортасында жүргізілетін кәсіби ағарту, мамандық түріне бейімділігін анықтау мақсатында диагностика жасау, кеңес беру сияқты жұмыстарға басты назар аударатырып, оларға мемлекеттің кәсіби бағдарға қатысты саясатының, сонымен қатар ата-аналарының, достарының да тигізетін әсерін есепке алған жөн. Зерттеушілер кәсіби бағдарды, қалауды анықтауда тұлғаның өзінің субъектілік ерекшелігін ұмытпау қажеттілігін ескертеді. Олардың көзқарасы бойынша, нәтижелі кәсіби өзін-өзі анықтау орта мектеп оқушысының өзіне таңдауды жүзеге асыруға қабілетті субъект ретінде қарап, Мен» позитивті бейнесін көрсете алатын тұлғалық дамудың жеткілікті жоғары деңгейіне жеткенде ғана мүмкін болады (Батищева, 2020:11) [6]. Сондықтан кәсіби қалаудың негізгі бағыттарын анықтауда оған әсер етуші басты факторларға назар аударған жөн. Тұлғалық фактордың жеткіліксіз түрде көрінуі кәсіби қалаудың дұрыс қалыптаспауына алып келуі мүмкін. Жоғарғы сынып оқушысының өз болашағын модельдей білуі, мамандықтарға өз бетінше қызығушылық танытып, талдау жүргізуі, сұранысқа ие жаңа мамандықтарға қызығушылық танытуы қазіргі нарық қоғамының талаптарына сай тұлғаның қалыптасуына алып келеді.

Стамбулдағы Ускудар районында кәсіптік-техникалық орта мектептерде 2011-2012 оқу жылдары 10-сынып оқушылары арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың басым көпшілігі (66,8%) өз еркімен білім беру орнын (КТО) таңдағандарын мәлімдеді, олардың 14,7% -ы таңдаудың анықталмағанын және қалған 18,5% -ы мектепті таңдауға мәжбүр болғандарын айтты. Мамандық таңдауға әсер ететін факторларға қатысты оқушылар өзін-өзі жұмыспен қамту және табыс мүмкіндігі тұрғысынан қоғамда құрметке ие мамандықтарды таңдауға бейім екендіктерін айттып, тандалған кәсіптер мен олардың мүдделері мен қабілеттері арасында сәйкестік жоқ екендігін мәлімдеді. Зерттеушілер жеке адамның таңдағалы отырған мамандығының едәуір дәрежеде ол

өскен әлеуметтік ортаға байланысты екендігін байқады. Осылайша, отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мектеп оқушысының таңдауына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылатыны анықталды (Gurcan, 2014) [7]. Зерттеу қорытындылары бойынша кәсіби бағдарлаудың дұрыс жүргізілмегендігі, балалардың көпшілігінің өз шыққан ортасының әсерімен кәсіби-техникалық мектепке келгендігі айтылады. Осыған орай отбасындағы ата-аналардың білім деңгейі, әлеуметтік жағдайы балалардың мамандық таңдаудағы болашағына әсер ететін негізгі фактор екендігі айқындалды.

Шет елдік зерттеушілер өз зерттеулері негізінде жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалаулары дұрыс болуы үшін қажетті бірқатар маңызды ұсыныстарды алға тартады. Солардың бірқатарына назар аударатын болсақ:

- Ата-аналармен олардың балаларының мансаптық шешімдерін қабылдауына қатысу мәселелері бойынша жүйелі түрде топтық сессиялар мен талқылаулар өткізіліп тұруы керек.

- Мектепте сауатты ұйымдастырылған, функционалдық оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін сынып жетекшілері әдістемелік жұмыстарға байланысты барлық іс-шараларға белсенді қатысуы керек, мысалы, ата-аналарды брифингтік конференцияға шақыру, сынып бюллетеньдерін құрастыру және т.б.

- Мектеп әкімшілігі бастауыш және жоғары сынып оқушыларына әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердегі еңбек жағдайларын өз бетімен білу және нақты бақылау үшін оқу экскурсияларына қатысуын және табиғатқа шығуын ынталандырып, қамтамасыз етуі керек. Бұл сондай-ақ олардың әртүрлі жұмыс орталарымен тікелей өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер өздерінің сабақ жоспарларына студенттерге қол жетімді әртүрлі жұмыс нұсқаларына назар аударатын модельдеу сессиясын қосуы керек (Leinard, 2022) [8]. Шет елдік зерттеушілер мектеп оқушыларын кәсіби бағыттауда отбасының, мектептің, жұмыс берушілердің өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін жағдайларға баса назар аударып отыр.

Оқушылардың кәсіби бағдары – бұл балалардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін және еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, балаларға мамандық таңдауда көмек көрсететін отбасының, білім беру ұйымдарының, мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың ақпараттық, ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметі (Aliyev, 2019) [9].

Ресей зерттеушілері батыс мемлекеттерінің оқушыларға кәсіби бағдар беруге қатысты тәжірибелеріне тоқтала отырып, қазіргі уақытта Финляндияда кәсіби бағдар берудің озық жүйесі дамып отырғандығын айтады. Бұл жүйе өз дамуында үш кезеңнен өткен (дәстүрлі кәсіптік бағдар беру; жан-жақты кеңес беру; өз өмірі мен мансаптық траекториясын дербес жобалау). Қазіргі уақытта кәсіптік бағдар беру жүйесін дамытудың үшінші кезеңінде отырған Финляндия «VIP-кеңес беру» моделі, жеке мансап трендтерін құруда IT-технологияларды пайдалану сияқты бірқатар инновациялық құралдарды сынақтан өткізуге мән береді екен (Гуртов, 2019) [10]. Зерттеушілер Финляндия мектептерінде кәсіптік бағдар берудің негізгі принциптері теориялық білімді практикалық қолданумен байланыстыруға мүмкіндік беретін практикаға бағытталған білім беру және мектептердегі кәсіптік бағдар беру жүйесі тұлғаны өмір бойы кәсіби қолдау жүйесіне интеграцияланған – деп түсіндіреді. Мектеп оқушыларының ата-аналарының кәсіптік бағдар беруге белсенді қатысатындығын да атап өтеді (Амбарова, 2020) [11]. Финляндияның мысалына қарап, адам капиталын дамытудың белсенді әдістеріне, технологияларына көшкендігін байқауға болады. Ал, Қазақстандағы кәсіби бағдарлау жүйесі дәстүрлі модельден бастау алып, оқушыларды профильдік бағыттауға көшіп отыр. Оқушылардың өз мансаптық жолын модельдеу, жобалау процесі кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді дамыту процесінде өзекті болатындығы айқын.

### Материалдар және әдістер

Зерттеудің негізгі әдістері теориялық талдау, жүйелік, факторлық талдау, салыстыру, сипаттау және аналогия жатады. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қалаулары траекториясының өзгерістеріне талдау жасау, мемлекеттің, қоғамының сұраныстарына, өздерінің қызығушылықтарына оның қалай байланысты болып отырғандығын көрсету маңызды мәселе болып табылады. Эмпирикалық әдіс ретінде анкета алу, екінші реттік талдаулар қолданылды.

Қазақстанның мегаполистері Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, Алматы және Түркістан облысының райондары мен ауылдық жерлерінде жоғары сынып оқушылары арасында 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында жүргізілген зерттеуге барлығы 558 респон-



дент қатысты. «Сіз кәсіби таңдау жасадыңыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 333 (59,7 %) «Иә» – деп жауап берсе, «Иә шығар» – 170 (30,5%), «Жоқ» – 55 (9,9%), деп жауап берді. «Соңғы 3 жылда кәсіби қалауларыңыз өзгерді ме?» деген сұраққа «Иә, едәуір» – 150

(59,3%), «Иә аздап» – 135 (61,1%), «Жоқ» – 39 (59,1%), «Ерекше қалауым жоқ, болған да емес» – 9 (50,0%) болды. Қандай кәсіби бағытқа артықшылық бересіз? (1-кесте) деген сұраққа аймақтар бойынша берілген жауаптарды қарастырайық.

**1-кесте** – Кәсіп түрлерін таңдаудағы артықшылықтар (аймақтар бойынша)

Кәсіби бағыттар	Алматы облысы	Алматы	Астана	Шымкент	Түркістан облысы	Барлығы
1. Жаратылыстану ғылымдары	46 (31,7%)	37 (32,5%)	25 (23,6%)	33 (28,9%)	29 (36,7%)	170
2. Техникалық ғылымдар	26 (17,9%)	30 (26,3%)	6 (5,7%)	30 (26,3%)	13 (16,5%)	105
3. Ақпараттық технологиялар	30 (20,7%)	32 (28,1%)	20 (18,9%)	24 (21,1%)	13 (16,5%)	119
4. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар	38 (26,2%)	20 (17,5%)	34 (32,1%)	33 (28,9%)	24 (30,4%)	149
5. Экономикалық ғылымдар	15 (10,3%)	9 (7,9%)	15 (14,2%)	7 (6,1%)	7 (8,9%)	53
6. Заң ғылымы	7 (4,8%)	9 (7,9%)	17 (16,0%)	13 (11,4%)	7 (8,9%)	53
7. Шет тілдері	28 (19,3%)	14 (12,3%)	22 (20,8%)	16 (14,0%)	15 (19,0%)	95
8. Өнер	15 (10,3%)	11 (9,6%)	14 (13,2%)	9 (7,9%)	8 (10,1%)	57
Барлығы	145	114	106	114	79	558

Аймақтар бойынша жоғары сынып оқушыларының жаратылыс тану ғылымдарына артықшылық беретіндігін байқауға болады. Атап айтқанда Алматы облысы бойынша (46), Алматы қаласы (37), Астана (25), Шымкент (33), Түркістан облысы бойынша (29). Жалпы алғанда 170 респондент жаратылыстану ғылымдарын таңдады. Екінші орында таңдауға ие болған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар. Бұл бағытты таңдағандар Алматы облысы бойынша (38), Алматы қаласында (20), Астана қаласында (34), Шымкент қаласында (33), Түркістан облысы бойынша (24). Әлеуметтік-гуманитарлық бағытты таңдаған респонденттердің жалпы саны – 149. Қазіргі уақытта өте өзекті сұранысқа ие болып отырған ақпараттық технологиялар бағытын таңдаған оқушылар аймақтар бойынша үшінші орында тұр. Алматы облысы бойынша (30), Алматы қаласы (32), Астана (20), Шымкент (24), Түркістан облысы бойынша (13). Осылайша ақпараттық технологиялар бағыты 119 респондентті құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы талдамалық есебінде көрсетілгендей, 2018-2019 оқу жылында бакалаврларды даярлауға мемлекеттен 53 594 білім гранты бөлінген. Олардың ең көп саны «Техникалық ғылымдар және технологи-

ялар» мамандықтар тобына қарастырылған – 19 111 (квотасыз) (Аналитикалық есеп, 2018) [12]. Зерттеу барысында алынған мәліметтерге қарасақ 1-кестеде көрсетілгендей) техникалық мамандықтарды таңдауға деген бағыт төртінші орында тұр. Алматы облысы бойынша (26), Алматы қаласы (30), Астана (6), Шымкент (30), Түркістан облысы бойынша (13), яғни барлығы – 105 респондент. Жаһандық өзгерістерге байланысты шет тілдерді игеруге деген сұраныс жоғарылады. Осылайша, шет тілін меңгеруге деген сұраныс бойынша бесінші орында осы бағыттағылар тұр. Алматы облысы бойынша (28), Алматы қаласы (14), Астана (22), Шымкент (16), Түркістан облысы бойынша (15), барлығы – 95 респондент. Өнер бағытын таңдау алтыншы орында, сәйкесінше, Алматы облысы бойынша (15), Алматы қаласы (11), Астана (14), Шымкент (9), Түркістан облысы бойынша (8). Барлығы 57 респондент өнер бағытын таңдады. Көп уақыттар бойы сұранысқа ие болып келген экономика, заң ғылымдары бірдей көрсеткіштермен соңғы орында тұр. Бұл бағыттарды таңдаған респонденттердің жалпы саны тепе-тең ( 53 респондент). Осылайша, аймақтар бойынша жаратылыстану ғылымдары мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың үлкен сұранысқа ие екендігін байқауға бола-

ды. Ақпараттық технологиялар, шет тiлдерi мен техникалық ғылымдар да қажеттiлiктердiң жоғары екендiгiн көрсетедi. Ендi осы «Қандай кәсiби бағытқа артықшылық бересiз?» де-

ген сұрақ бойынша жалпы бiлiм беретiн мектептiң және мамандандырылған мектептiң оқушыларының жауаптарын салыстырып қарастырайық (2-кесте).

**2-кесте** – Кәсiп түрлерiн таңдаудағы артықшылықтар ( мектептiң түрi бойынша)

Кәсiби бағыттар	Жалпы бiлiм беретiн мектеп	Мамандандырылған мектеп	Барлығы
1. Жаратылыстану ғылымдары	144 (30,5%)	26 (30,2%)	170
2. Техникалық ғылымдар	85 (18,0%)	20 (23,3%)	105
3. Ақпараттық технологиялар	99 (21,0%)	20 (23,3%)	119
4. Әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар	129 (27,3%)	20 (23,3%)	149
5. Экономикалық ғылымдар	47 (10,0%)	6 (7,0%)	53
6. Заң ғылымы	42 (8,9%)	11 (12,8%)	53
7. Шет тiлдерi	85 (18,0%)	10 ( 11,6%)	95
8. Өнер	48 (10,2%)	9 (10,5%)	57
Барлығы	472	86	558

Жалпы бiлiм беретiн мектептiң оқушыларының жауаптары бойынша бiрiншi орында, жаратылыстану ғылымдары (144), екiншi орында, әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар (129), үшiншi орында, ақпараттық технологиялар (99), төртiншi орында тепе -тең түрде техникалық ғылымдар (85) мен шет тiлдерi бағыты (85), бесiншi орында өнер (48), алтыншы орында, экономикалық ғылымдар (47), жетiншi орында, заң ғылымы (42) тұр. Салыстырмалы түрде алғанда мамандандырылған мектеп кiшкене өзгерiстермен сипатталады. Мұнда бiрiншi орында, жаратылыстану ғылымдары (26), екiншi орында, тепе-тең түрде техникалық ғылымдар (20), ақпараттық технологиялар (20), әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар (20), үшiншi орында, заң ғылымы (11), төртiншi орында шет тiлдерi бағыты (10), бесiншi орында өнер (9), алтын-

шы орында, экономикалық ғылымдар (6) тұр. Қорыта келгенде, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар, ақпараттық технологиялар, техникалық ғылымдар мен шет тiлдерi жалпы бiлiм беретiн мектеп оқушылары арасында жоғары сұранысқа ие. Ал, мамандандырылған мектепте жаратылыс тану ғылымына артықшылық берiледi, әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар, ақпараттық технологиялар мен техникалық ғылымдарға деген сұраныс та бiрдей деңгейде жоғарырақ. Шет тiлдерге деген сұраныстың жоғары болмауы олардың шет тiлдерiн жақсы меңгергендiктерiмен де байланысты болуы мүмкiн.

Түрлi жыныс өкiлдерiнiң кәсiптi таңдаудағы артықшылықтары қалай ерекшеленедi? Бұл сұрақтың жауабын келесi кестеден (3-кесте) көруiңiзге болады.

**3-кесте** – Кәсiп түрлерiн таңдаудағы артықшылықтар (жыныстық ерекшелiк бойынша)

Кәсiби бағыттар	Ер бала	Қыз бала	Барлығы
1. Жаратылыстану ғылымдары	79 (29,0%)	91 ( 31,8%)	170
2. Техникалық ғылымдар	53 (19,5%)	52 (18,2%)	105
3. Ақпараттық технологиялар	56 (20,6%)	63 ( 22,0%)	119
4. Әлеуметтiк-гуманитарлық ғылымдар	72 (26,5%)	77 ( 26,9%)	149
5. Экономикалық ғылымдар	33 (12,1%)	20 ( 7,0%)	53

Кәсіби бағыттар	Ер бала	Қыз бала	Барлығы
6. Заң ғылымы	28 (10,3%)	25 (8,7%)	53
7. Шет тілдері	33 (12,1%)	62 (21,7%)	95
8. Өнер	21 (7,7%)	36 (12,6%)	57
Барлығы	272	286	558

Кәсіптің түрлерін таңдауда ер балалар бірінші кезекте жаратылыстану ғылымдарына артықшылық (79) береді. Сонымен қатар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар да олар үшін маңызды, яғни, екінші орында (72). Келесі кезекте, ақпараттық технологиялар үшінші орында (56), экономикалық ғылымдар (33) мен шет тілдері (33) төртінші орында, заң ғылымы (28) бесінші орында, өнер (21) алтыншы орында тұр. Қыз балалар үшін жаратылыстану ғылымдары бірінші орында (91), әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар екінші орында (77), ақпараттық технологиялар үшінші орында (63), шет тілдері (62) төртінші орында, өнер (36) бесінші орында, заң ғылымы (25) алтыншы орында, экономикалық ғылымдар (20) жетінші орында тұр. Жыныстық ерекшеліктері бойынша мамандық таңдаудағы айырмашылықтарға келер болсақ, жоғарыда аталып кеткен жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, ақпараттық технологиялар, техникалық ғылымдардың ер балалар арасында жоғары сұранысқа ие болуымен қатар, шет тілімен қатар экономикалық ғылымдарға деген қызығушылықты да байқауға болады. Ал

қыз балалар да жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, ақпараттық технологиялар, техникалық ғылымдар, шет тіліне артықшылық бере отырып, өнерге де зор қызығушылық танытып отырғандығын байқауға болады. Егер зерттеу нәтижелерін ресей ғалымы Е.А. Климовтың кәсіптер классификациясы тұрғысынан қарайтын болсақ, Қазақстанның зерттеу жүргізілген аймақтарында жоғары сынып оқушылары үшін бірінші орынды «Адам – Табиғат», екінші орынды «Адам – Адам», үшінші орынды «Адам – Таңбалар жүйесі», төртінші орынды «Адам – Техника», бесінші орынды «Адам – Көркем бейне» иеленеді, – деп айтуымызға болады.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарларының қалыптасуына қандай іс-шаралардың ерекше әсер еткендігін білу мақсатында берілген жауап варианттарынан олар үшін ең маңызды деп есептелетін үш вариантты таңдауға мүмкіндік беретін келесі сұрақ қойылды: Сіздің ойыңызша, мектептегі қандай іс-шаралар оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға жақсы көмектеседі? (3 жауаптан артық емес) (4-кесте).

**4-кесте** – Мектептегі оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға әсері бар іс-шаралар

	Аймақтар					Барлығы
	Алматы облысы	Алматы	Астана	Шымкент	Түркістан облысы	
Осы салада ерекше табысқа жеткен адамдармен кездесу	90 (62,1%)	68 (59,6%)	83 (78,3%)	83 (72,8%)	56 (70,9%)	380
Түрлі мамандық және жұмыс орындарының өкілдерімен кездесу	70 (48,3%)	53 (46,5%)	48 (45,3%)	49 (43,0%)	43 (54,4%)	263
Білім салалары бойынша олимпиадалар, шығармашылық конкурстар	34 (23,4%)	39 (34,2%)	33 (31,1%)	36 (31,6%)	23 (29,1%)	165
Өздері оқитын мектепті бітірген ЖОО студенттерімен байланысты ұйымдастыру	54 (37,2%)	42 (36,8%)	43 (40,6%)	33 (28,9%)	20 (25,3%)	192
Қаланың, районның білім департаменттері өкілдерімен кездесулер	8 (5,5%)	2 (1,8%)	4 (3,8%)	6 (5,3%)	1 (1,3%)	21

	Аймақтар					Барлығы
	Алматы облысы	Алматы	Астана	Шымкент	Түркістан облысы	
ЖОО оқытушыларымен тематикалық кездесулер	32 (22,1%)	20 (17,5%)	24 (22,6%)	20 (17,5%)	13 (16,5%)	109
Мектеп мамандарымен дербес кәсіби кеңестер	33 (22,8%)	23 (20,2%)	23 (21,7%)	25 (21,9%)	27 (34,2%)	131
Оқушыларды білім ұйымының өкілдерімен әлеуметтік желілерде байланыс топтарына енгізу	14 (9,7%)	9 (7,9%)	9 (8,5%)	16 (14,0%)	8 (10,1%)	56
Ешқандай	1 (0,7%)	1 (0,9%)	0	3 (2,6%)	0	5
Барлығы	145	114	106	114	79	558

Алынған жауаптардың ішінде «осы салада ерекше табысқа жеткен адамдармен кездесу» деген жауап вариантын таңдағандардың барлық аймақтар бойынша жоғары екендігін байқауға болады. Алматы облысы бойынша (90), Алматы қаласы (68), Астана (83), Шымкент (83), Түркістан облысы бойынша (56). Осы вариантты таңдаған респонденттердің жалпы саны 380-ді құрады. Респонденттердің тағы да көп таңдаған жауап варианты «түрлі мамандық және жұмыс орындарының өкілдерімен кездесу», яғни, Алматы облысы бойынша (70), Алматы қаласы (53), Астана (48), Шымкент (49), Түркістан облысы бойынша (43) болып, 263-ті құрады. Көп таңдауға ие болған үшінші жауап «өздері оқитын мектепті бітірген ЖОО студенттерімен байланысты ұйымдастыру», жалпы 192 респондентті құрап, Алматы облысы бойынша (54), Алматы қаласы (42), Астана (43), Шымкент (33), Түркістан облысы бойынша (20) дауысқа ие болды. Ер балалар мен қыз балалардың берген жауаптары, жалпы білім беру мектептері мен мамандандырылған мектептердегі жоғары сынып оқушыларының берген жауаптары да осы аталған жауап варианттарына артықшылық беретіндерін көрсетіп отыр. Осылайша, қоғамда беделдері бар, ерекше табысқа жеткен адамдар көп қызығушылық тудырып, еліктеу, ұқсауға тырысу сияқты әлеуметтену механизмдерінің орын алуының заңды құбылыс екендігін көрсетеді. Түрлі мамандық және жұмыс орындарының өкілдерімен кездесу тікелей тәжірибеге негізделген объективті ақпарат алуға мүмкіндік берсе, «өздері оқитын мектепті бітірген ЖОО студенттерімен байланысты ұйымдастыру» мектеп оқушыларының ұдайы ақпарат алып маман-

дыққа қызығушылықтарын оятуға студенттердің жағдай жасайтыны күмән келтірмейтінін көрсетеді.

### Нәтижелер және талқылаулар

Мемлекет тарапынан балаларға ерте кәсіптік бағдар беру туралы соңғы уақытта жиі айтылып келеді. Осыған байланысты 2021 жылғы жолдауында Президент Қ.Ж.Тоқаев: «Балаларға ерте кәсіптік бағдар беру ерекше маңызға ие. Жас ұрпақ болашақ мамандық таңдауда саналы болуы керек. Үкімет «Атамекен» Ұлттық палатасымен бірлесіп, бұл маңызды міндетті шешуі қажет» – деп ескертті (Жолдау, 2021) [13]. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы қарашадағы №941 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы құжатында 2021 жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп кәсіптік бағдар беру жұмысының жаңа тәсілдері әзірленгендігі туралы айтылды. Орта білім берудің мазмұнын кәсіби дағдылар мен құзыреттерді ерте қалыптастыруға қайта бағыттап, жоғары сыныптарда бейіндік оқытуға көңіл бөлу қажеттілігі, озық әлемдік тәжірибеге сәйкес 12 жылдық білім беру моделіне көшудің өзектілігіне көңіл бөлініп отырғандығы да көрсетілді (Білім беру тұжырымдамалары, 2022–2026) [14].

Ақпараттық қоғамның қалыптасуы, әлеуметтік желілердің дамуы кәсібилікке қойылатын талаптарды одан әрі жетілдіріп, жаңа заманға сай әдіс тәсілдерді қолдануды талап етеді. Жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген зерт-



теулер олардың тек мемлекеттің қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар өз қызығушылықтары мен қажеттіліктерін басшылыққа алғандығын көрсетеді. Халықтың әлеуметтік жағдайындағы терең айырмашылықтармен сипатталатын дамып келе жатқан мемлекеттермен салыстырғанда дамыған мемлекеттердегі кәсіби бағдарлаудың жоғары деңгейге көтерілгендігін Финляндияның мысалынан көруге болады. Кәсіби қалауды жетілдіруде тұлғаның сапаларын қалыптастыруға мән беріп отырған дамыған елдер Қазақстанмен салыстырғанда индивидтің өз болашағын проекциялауына басты назар аударып жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануға күш салуда. Сондықтан Қазақстанда жоғары сынып оқушыларын өз кәсіби бағдарын жобалауға, қызығушылығына сай мамандықты таңдауына бағыттау олардың тұлғалық тұрғыдан дамуына, өзіндік жауапкершілігін қалыптастыруға әсер етеді. Бұл өз кезегінде қоғамда кәсіби салада орын алып отырған келеңсіз жағдайларды болдырмауға, кәсіби күйіп кету, эмоционалдық және психологиялық тұрғыдан шаршау, ішкі тұлғалық ресурстарын жоғалту сияқты проблемалардың алдын алады.

### Қорытынды

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарларын қалыптастыру қазіргі уақытта өзекті мәселелердің қатарында екендігі еңбек нарығының сұраныстарынан, бәсекеге қабілетті жас мамандарды дайындау қажеттілігі туралы мемлекеттің білім мен ғылым саласындағы ресми құжаттарынан анық байқалады.

Кәсіби қалау дұрыс болуы үшін балалардың бойындағы белгілі бір салаға икемдікті байқаған ата-аналар және мектептегі ұжым оларды ерте кәсіби бағыттау бойынша бірігіп жұмыс жүргізуі қажет.

Орта кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың қазіргі бағыттарының бірі білім беру жүйесінің ашықтығын, басқарушылық шешімдер қабылдау сапасын арттыруға, педагогтардың біліктілігін арттыруға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді даярлауға мүмкіндік беретін цифрландыру болып табылады (Бородина, 2020) [15]. Колледж студенттері ғана емес жоғары сыныптың оқушылары да осы цифрландыру процесіне белсенді араласуы қажет. Бұл компьютерлік және цифрлық технологиялар саласында жоғары сауаттылық танытатын оқушыларды анықтауға және ынталандыруға, кәсіби күзінеттіліктерді, тұлғалық сапаларды дамытуға мүмкіндік береді.

Кәсіби бағдарды қалыптастыру тәуелсіз Қазақстанда дәстүрлі модельден бастау алып, мемлекеттің қажеттіліктеріне, экономиканың дамуына қажет мамандықтарды жастарға насихаттау, жарнамалау түрінде дами бастады. Нарық қоғамының дамуы, жаһандық өзгерістердің жылдам түрде қарқын алуы, дәстүрлі әдістерден жаңа «тұлғаны дамытуға бағытталған» әдістерге көшудің қажеттілігін қалыптастырды. Қазіргі уақытта кәсіби бағдарлау, кәсіби қалауды қалыптастыру процесінде тұлғалық сапаларды дамытудың өзектілігі күшейіп отыр. Ал, тұлғаның саналы түрде қалыптасуы болашақта оның өз өміріне үлкен жоба ретінде қарайтын деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретіні сөзсіз. Білім беру жүйелері де мектеп оқушыларын тұлғалық тұрғыдан дамытуды олардың кәсібилігін қалыптастырудағы негізгі қадам ретінде қабылдауы тиіс.

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруымен № АР1487035 жобасы негізінде жазылған*

### Әдебиеттер

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. (дата обращения 10.01.2023)
2. Токаев Қ. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам [Электронды ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/addresses>. (дата обращения 10.01.2023)
3. Арон И. С. Психологическая готовность к профессиональному самоопределению //Вестник Костромского государственного университета. – 2010. – Т. 16. – №. 1. – С. 233–237.
4. Классификация профессий [Электронный ресурс]. – 2016. URL:<https://rabota.cap.ru/Documents/Detail/daea9c38-de06-4f1c-b0cb-adb8c4c6b93c>(дата обращения 10.01.2023)
5. Климов Е. А. Дифференциально–диагностический опросник (ДДО) //М.: Когито–Центр. – 2005.
6. Батищева Е.В., Комарова Т.М., Артюхова М.А. Диагностика профессиональной направленности и профессиональных ориентаций обучающихся. Методическое пособие. Архипо–Осиповка, 2021. – 56 с.

7. Atakok, G., Kam, M., Kurt, M. Preference based on reasons of vocational and technical secondary schools in Turkey // *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 2014. №141. P. 726–730.
8. Bangayan, L. M. Influential Factors Among Senior High School Students' Career Preferences: A Case of Private School // *Journal of Positive School Psychology*, 2022. №6(3). - P. 5545–5551.
9. Aliyev, M., Umalotova, Z., Alibekova, Z., Chepalova, J., Omarova, A. Development management professional orientation of students. In *International Conference on Man-Power-Law-Governance: Interdisciplinary Approaches (MPLG-IA 2019)*. Atlantis Press. 2019. P. 260–266.
10. Гуртов В. А., Колесников В. Н., Питухина М. А. От традиционной модели профориентации к системе сопровождения и консультирования на протяжении всей жизни: опыт Финляндии // *Непрерывное образование: XXI век*. – 2019. – №. 2 (26). – С. 65–77.
11. Амбарова П. А., Немировский М. В. Новые подходы к профессиональной ориентации в школе в условиях изменяющегося мира профессий // *Известия Уральского федерального университета. Сер. 1, Проблемы образования, науки и культуры*. – 2020. – Т. 26. – № 1. – С. 188–199.
12. Министерство образования и науки РК, Центр Болонского процесса и академической мобильности. Аналитический отчет. – Астана, 2018. – 64.с.
13. Тоқаев Қ. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі [Электронды ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/addresses> (дата обращения 10.01.2023)
14. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электронды ресурс]. – 2022. –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941> (дата обращения 10.01.2023)
15. Бородина Н.Н., Гарафутдинова Г.Р. Изучение информационных технологий студентами колледжей в условиях цифровизации образования // *Развитие человека в эпоху цифровизации. Сборник научных трудов. Т.1*. – Казань: Институт педагогики, психологии и социальных проблем., 2020. – 224 с.

## References

- Aliyev, M., Umalotova, Z., Alibekova, Z., Chepalova, J., & Omarova, A. (2019, December). Development management professional orientation of students. In *International Conference on Man-Power-Law-Governance: Interdisciplinary Approaches (MPLG-IA 2019)* (pp. 260–266). Atlantis Press.
- Ambarova, P. A., & Nemirovskiy, M. V. (2020). Novye podkhody k professional'noy orientatsii v shkole v usloviyakh izmenyayushchegosya mira professiy [New approaches to career guidance in schools in a changing world of professions]. *News of the Ural Federal University. Ser. 1, Problems of education, science and culture*, 26(1), 188–199. (In Russian)
- Aron, I. S. (2010). Psikhologicheskaya gotovnost' k professional'nomu samoopredeleniyu [Psychological readiness for professional self-determination]. *Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta*, 16(1), 233–237. (in Russian)
- Atakok, G., Kam, M., & Kurt, M. (2014). Preference based on reasons of vocational and technical secondary schools in Turkey. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 141, 726–730.
- Bangayan, L. M. (2022). Influential Factors Among Senior High School Students' Career Preferences: A Case of Private School. *Journal of Positive School Psychology*, 6(3), 5545–5551.
- Batishcheva, E. V., Komarova, T. M., & Artyukhova, M. A. (2021). Diagnostika professional'noy napravlenosti i professional'nykh orientatsiy obuchayushchikhsya. Metodicheskoe posobie [Diagnosis of professional direction and professional orientations of students. Methodological guide]. *Arkhivo-Osipovka*. (In Russian)
- Borodina, N. N., & Garafutdinova, G. R. (2020). Izuchenie informatsionnykh tekhnologiy studentami kolledzheĭ v usloviyakh tsifrovizatsii obrazovaniya [The study of information technology by college students in the conditions of education digitalization]. *Human development in the era of digitalization. Collection of scientific papers*, 1, 224. (In Russian)
- Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan na 2020 – 2025 gody [State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. (2020). Adilet. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (in Russian)
- Gurtov, V. A., Kolesnikov, V. N., & Pitukhina, M. A. (2019). Ot traditsionnoy modeli proforientatsii k sisteme soprovozhdeniya i konsul'tirovaniya na protyazhenii vseĭ zhizni: opyt Finlyandii [From the traditional model of vocational guidance to the system of support and counseling throughout life: the experience of Finland]. *Continuing Education: XXI century*, 2(26), 65–77. (In Russian)
- Klassifikatsiya professiy [Classification of professions]. (2016). *Rabota cap*. <https://rabota.cap.ru/Documents/Detail/daea9c38-de06-4f1c-b0cb-adb8c4c6b93c/> (in Russian)
- Klimov, E. A. (2005). Differential'no-diagnosticskiy oprosnik (DDO) [Differential-diagnostic questionnaire (DDO)]. М.: Когито-Tsentr. (In Russian)
- Ministerstvo obrazovaniya i nauki RK, Tsentr Bolonskogo protsessa i akademicheskoy mobil'nosti (2018). Analiticheskiy otchet [Analytical report]. Астана. (In Russian)
- Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyń 2022–2026 jylдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [State program for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2022-2026]. (2022). Adilet. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941> (In Kazakh)
- Tokaev, K. (2021). Halyq birligi және jüielі reformalar – el örkendeuiniń berik negizi [People's unity and systemic reforms - the basis for the development of the country]. *Akorda*. <https://www.akorda.kz/ru/addresses> (In Kazakh)
- Tokaev, K. (2022). Ädiletli memleket. Birtütäs ült. Berekelі qoғam [Just state. United nation. Prosperous society]. *Akorda*. <https://www.akorda.kz/ru/addresses> (in Kazakh)